

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ**

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй  
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352  
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21  
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352  
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

**«Factchek.kz»  
сайтының бас редакторы  
Д.Д. Смақовқа**


Ұлттық Банктің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті (бұдан әрі – Департамент) Сіздің 22.08.19ж. № F-0704 хатыңызды қарастырып, жауап береді.

*Қосымша: \_ бет.*

**Департамент директоры**

**Ә. Адамбаева**

 Шукенова Б.

 Botagoz.Shukenova@nationalbank.kz

**Сұрақ:** *«Жетіспеуіне және тозуына байланысты жақында 200 теңгелік жаңа купюралар шығады» деген ақпарат қаншалықты шындыққа сәйкес келеді немесе келмейді?*

**Жауап.** Қазіргі уақытта Ұлттық Банк номиналы 200 теңгелік жаңа дизайндағы банкноттарды шығаруды жоспарлап отырған жоқ. Бұл ретте номиналы жоғары монеталармен және банкноттармен салыстырғанда номиналы төмен банкноттардың қолданылу мерзімі аз болатынын хабарлаймыз. Өз кезегінде Қазақстан Ұлттық Банкі қолма-қол ақша айналысындағы банкноттар мен монеталардың сапасын қадағалап отырады және олардың екінші деңгейдегі банктерден, Ұлттық пошта операторынан және жеке тұлғалардан келіп түсуіне қарай одан әрі пайдалануға жарамсыз ақша белгілерін айналыстан шығарады.

**Сұрақ:** *Дүкендерде, маркеттерде және басқа да сауда орындарында олар қабылданбайды, себебі оларды Банк ескертті, ал халыққа хабарлаған жоқ деген алып-қашпа әңгіме қаншалықты рас?*

**Жауап.** 2006 жылғы үлгідегі номиналы 200 теңгелік банкноттар заңды төлем құралы болып табылады. Бұл банкноттар барлық төлем түрлері бойынша Қазақстан Республикасының барлық аумағында қабылдануға міндетті.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 206-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында айналыста жүрген, заңды төлем құралы болып табылатын ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын көрсетулі құны бойынша қабылдаудан бас тарту - ескерту жасауға әкеп соғады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтадан бас тарту - шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға - 5, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - 10, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банкноттарды қабылдаудан, ұсақтаудан және айырбастаудан бас тартуы 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Сұрақ:** *Жаңа 200 теңгелік латын тілінде шығады деген ақпарат рас па? Жаңа 200 теңгеліктер енгізілсе, олар қандай қаріппен шығады?*

**Жауап.** Қазіргі уақытта Ұлттық Банк номиналы 200 теңгелік жаңа дизайндағы банкноттарды шығаруды жоспарлап отырған жоқ.

**Сұрақ:** *Жалпы қолданыстағы купюралар (200, 500, 1000, 2000, 10 000, 20 000 теңге) қанша жылдан кейін жаңартылады?*

**Жауап.** Ұлттық Банк тозуына қарай ескірген банкноттарды айналыстан алады және жаңа банкноттарды шығарады. Айналыстағы банкноттарды жаңартудың белгіленген мерзімдері жоқ.